



**URALSK
GREEN
FORUM**

Орал қ.

2019 жылғы 6 маусым

**III ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ФОРУМ
ДЕЛЕГАТТАРЫНЫҢ ҮНДЕУІ**

**ҚР Парламенті Мәжілісінің
экология мәселелері және табиғат
пайдалану комитеті**

**ҚР Экология, геология және табиғи
ресурстар Министрлігі**

2019 жылғы 6 маусымда Орал қаласында "Uralsk Green Forum" үшінші халықаралық экологиялық форумы Карачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В. компаниясы (бұдан әрі КПО) мен Батыс Қазақстан облысының әкімдігінің бастамасымен өтті. Бұл форум Дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау күнін мерекелеуге ұштастырылып, дәстүрлі түрде өткізіледі және оның басты мақсаты бизнес пен мемлекет арасындағы диалог форматында қоршаған ортаны қорғаудың өзекті мәселелерін талқылау болып табылады. Оралда жыл сайынғы халықаралық экологиялық форумды өткізу игі дәстүрге айналды - алғашқы екі форум 2017 және 2018 жылдары өткізілді.

Үшінші форумның түпкі мақсаты Қазақстан Республикасының жаңа экологиялық кодексі жобасының негізгі ережелерін, сондай-ақ "жасыл" энергетиканы дамыту саласындағы өзекті мәселелерді талқылау болды.

Форумға 250-ге жуық адам қатысты, оның ішінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің өкілдері, өкілетті және атқарушы органдардың өкілдері, түрлі салалардың сарапшылары, кәсіпорындардың экологтары, ірі және шағын бизнес басшыларының өкілдері, мемлекеттік қызметшілері, мұнай-газ компанияларының басшылары, қоғамдық бірлестіктер мен салалық қауымдастықтардың басшылары, сондай-ақ ЖОО ғалымдары мен студенттері қатысты.

Форум панельдік сессия, мамандандырылған семинар және шеберлік сабақ түрінде ұйымдастырылды :

- **Панельдік сессия: «Қазақстан Республикасының жаңа Экологиялық кодексі. Негізгі өзгертулер мен басымдықтар»**
- **Мамандандырылған семинар: «Жасыл энергетика - даму мүмкіндіктері және келешегі».**
- **Шеберлік сабақ: «Энергияны үнемдеу саласында ақпараттық хабардар болуды жоғарылату: ұсыныстар кейстері»**

Форум делегаттары өткізілген шараның тиімділігін баса айтып, барлық мүдделі тараптарға - бизнеске, билікке және қоғамға - ҚР жаңа экологиялық кодексінің жобасына қатысты, сондай-ақ "жасыл" энергетиканы дамыту саласындағы төменде келтірілген өзекті мәселелерді шешу үшін күш-жігерді біріктіру қажеттігін атап өтті.

Осы үндеу форумға қатысушы делегаттар атынан ҚР жаңа экологиялық кодексі жобасының кейбір ережелерін жақсарту бойынша ұсынымдар мен ұсыныстарды шоғырландыру мақсатында дайындалды:

- Кешенді экологиялық рұқсаттарды (КЭР) және үздік қолжетімді техникаларды (ҮҚТ) енгізу механизмдерін қамтамасыз ету;
- Экологиялық реттеу жүйесінің басты "жаппай" назарын нысанның қауіптілік және қоршаған ортаға әсер ету дәрежесі бойынша нысандардың нақты тобына аудару (ірі нысандар үшін ҮҚТны енгізу);
- КЭР алуы ерікті, кезең-кезеңмен, жаңа кәсіпорындар үшін болу керек;


- Мұнай - газ секторы үшін ҮҚТны енгізу мерзімдерін қарастыру - кем дегенде 10 жылға дейін;
- Кәсіпорындар мен мемлекеттік органдардың қоршаған ортаны қорғау шаралары жөніндегі іс-қимылдарының келісілуін қамтамасыз ету;
- Қатаң экологиялық нормативтерді сақтай отырып, ҚР экономикасының әртүрлі салаларына инвестицияларды тартуды ынталандыру;
- Газды шырақта технологиялық шарасыз жағу кезінде эмиссияларды нормалау жөніндегі мәселелерді реттеу (V9);
- Белгіленген рұқсат етілген шығарындылардан асып кетпеген жағдайда ілеспе газды қайта өңдеуді дамыту бағдарламасында (ІГҚӨДБ), жобалау құжаттамасында және эмиссиялар нормативтер жобаларында көзделген газды жағу кестелері мен сценарийлерінен ауытқуларға жол беретін 2016 жылғы ҚР ЭКдегі түзетулерді сақтау;
- Қазақстанның қоршаған ортасына эмиссияны азайта отырып, Қазақстан Республикасының кәсіпорындарының бәсекеге қабілетті өнімдерін шығару
- Жаңа инвестициялық жобаларды дамыту және іске асыру үшін ынталандырушы іскерлік ортаны құру (барабар фискалдық саясат, жазалардың объективтілігі мен елшемділігі, табиғат қорғау шараларын қаржыландырудың барынша ілгерінді механизмдерін қолдану ("жасыл" қаржы және т. б.);
- Шырақта жағу кезінде эмиссия үшін жекелеген кемсітушілік төлем мөлшерлемелерін қолдануды жою. Шырақта жағу кезінде эмиссия үшін басқа стационарлық көздерден шығарылған жағдайда сияқты төлем қолданылуы тиіс;
- Экологиялық төлемдерден (айыппұлдардан) келіп түсетін қаражаттың жұмсалуды қоршаған ортаны жақсартуға бағытталған мақсатты пайдалануға қайта бағдарлау;
- Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінде төмен көміртекті даму қағидаттарын кеңейтіп, елдің төмен көміртекті дамуына тәсілдемелерді қарастыру;
- Қоғамдық экологиялық бақылаудың рөлін арттыру - экология саласындағы ұйымды шоғырландыру, экологиялық ұйымдарды біріктіру;
- Табиғат пайдалану бойынша лимиттерді бұзғаны үшін "кінә" тұжырымдамасынан бас тартуға және қоршаған ортаға зиян келтірудің дәлелденген фактісіне негізделген "ластаушы төлейді" моделін қабылдауға. Мемлекеттік экологиялық бақылау

рәсімдерін жетілдіру және табиғат қорғау шараларына арналған шығыстарды өтеу бойынша тәсілдерді қалыптастыру;

- Экологиялық залалды (атап айтқанда, атмосфералық ауаға залал) өтеу бойынша жаңа Кодекстің бұрын ұсынылған нормаларында белгісіздік бар. ЭЫДҰ-ның, оның ішінде Ұлыбританияның тәжірибесіне сәйкес экологиялық залалды өтеу жауапкершілігі қалпына келтіру ремедиациялық іс-шаралармен, жер мен судағы ластануды жоюмен, биоресурстарды қалпына келтірумен ғана шектелуі тиіс және атмосфералық ауаға қолдануға болмайды;
- Қоршаған ортаның қалпын бақылауының деректерін цифрлау, қоршаған ортаның қалпына байланысты ақпаратты мемлекеттік органдардың Кадастрларынан, статистикалық деректерден, табиғат пайдаланушылар беретін ақпараттан біріктіру және бірыңғай дерекқорды құру;
- ЭЫДҰ елдерінде неғұрлым кең таралған бақылаудың автоматтандырылған жүйесін енгізу бойынша Ұлыбританияның тәжірибесін ескеру;
- Ластаушы заттарды нормалаудың және суы қандай да бір пайдалану мақсаттары үшін жарамсыз терең жатқан жер асты қабаттарына сарқынды сулармен айдалатын ластаушы заттардың шекті рұқсат етілген төгінділерінің жобасын әзірлеудің мүмкін еместігі туралы талаптарды нақты айқындау қажет;
- Жер қойнауын пайдаланушыларды ағынды суларды айдау полигондарының аумағында жер асты суларына тұрақты бақылау жүргізуге міндеттеу;
- Қабатқа айдалатын сарқынды сулардың сапалық құрамын міндетті (тұрақты) бақылауды көздеу;
- Инвестициялық климатты / заңнаманы ұлғайту бойынша жаңартылатын энергия көздері саласында ҚР Үкіметімен және қоғамдастықпен өзара ынтымақтастықты нығайту;
- Қалдықтар бойынша терминдердің екі түрлі түсіндірмелерін жойып, келесі терминдердің анықтамасын қайта қарау: қалдықтарды кәдеге жарату, алып тастау, жою, көму, уақытша сақтау, сақтау, орналастыру және т.б. Жаңа терминдер мен анықтамалар енгізу: қалдықтар, сұрыптау, қалдықтармен жұмыс істеу жөніндегі мамандандырылған кәсіпорындар, қалдықтарды жинау, контейнерлер, коммуналдық

қалдықтарды жинау орындары, электрондық, органикалық, тамақ қалдықтары, полигондар және т. б.;

- ҚР ЭК жобасында ұсынылған "бірінші санаттағы" нысандарға бару бойынша норманы алып тастау, ҚР Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес бақылау қалдыру;
- Қалдықтарды кәдеге жарату және қайта өңдеу жөніндегі қызметті лицензиялауды өзін-өзі реттейтін ұйымның (ӨРҰ) стандарттары бойынша сертификаттауға ауыстыру;
- Техногендік минералдық түзілімдермен (ТМТ) жұмыс істеу кезінде экологиялық талаптардың ерекшеліктерін көздейтін түзетулер кешенін салу ұсынылады;
- Егер өнеркәсіптік кәсіпорындар мамандандырылған кәсіпорындармен қалдықтарды жинауға, қайта өңдеуге және кәдеге жаратуға шарттар жасаса немесе мұндай жұмыстарды өздігінен жүзеге асырса, өнеркәсіптік кәсіпорындардың алымдарды төлеу міндетін алып тастай отырып, өндіріс және тұтыну қалдықтары арасында РОП механизмін қолдануын шектеу қажет;
- Қалдықтардың жіктелуіне қатысты қай қалдықтар қауіпті және қауіпті емес түріне жататынын анықтау қажет;
- Қалдықтарды уақытша сақтауды қызметі нәтижесінде қалдықтар пайда болатын тұлғалар үшін, сондай-ақ қалдықтарды кәдеге жарату және қайта өңдеу жөніндегі мамандандырылған компаниялар үшін тарату;
- Қалдықтармен жұмыс істеу жөніндегі мамандандырылған кәсіпорындарға қойылатын экологиялық және біліктілік талаптарын айқындау;
- Жергілікті атқарушы органдар тарапынан қалдықтарды жинау, тасымалдау, кәдеге жарату, қайта өңдеу жөніндегі кәсіпорындарды дамытуды ынталандыру жөніндегі ҚР Энергетика министрлігінің бұйрығын қайта қарау;
- Қалдықтармен жұмыс істеуге байланысты қызметтерге (қалдықтарды жинау, шығару, сұрыптау, кәдеге жарату, қайта өңдеу) ҚҚС төлеуден босату;
- Қайталама шикізатты пайдалана отырып өндірілген тауарлар мен өнімдерге ҚҚС төлеуден босату;



Форумға қатысушылар барлық мүдделі тараптарды жаңа заң жобасын әзірлеу кезінде ашықтық пен өзара ынтымақтастыққа шақырады және жоғарыда көрсетілген ұсыныстар мен ұсынымдарды іс жүзінде іске асыру Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасын ЭЫДҰ-ның экологиялық талаптарына сәйкес келтіру жолындағы маңызды қадамға айналатынына сенім білдіреді.

Өз кезегінде форум делегаттары ашық диалогқа және одан әрі ынтымақтастыққа дайын, сондай-ақ ҚР Парламенті Мәжілісінің Экология және табиғатты пайдалану мәселелері жөніндегі комитеті депутаттарының қатысуымен экология, геология және табиғи ресурстар министрлігімен бірлесіп Заң жобасын одан әрі талқылауға жоғары мүдделілік білдіреді.

Бұл үндеудің электронды нұсқасы www.ugf.kz сайтында жарияланды

